



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №34 (10 133)

● 2 қыркүйек

● жұма

● 2022 жыл

● aksuoniri@mail.ru

Аудан тынысы

Тәуелсіз еліміздің тұғырының мықты, туының биік болуының мызғымас тірегіне айналған Қазақстанның Ата Заңы қабылданған айырықша маңызы мол мереке салтанатты түрде қобызшы "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінде аталып өтті.

Мемлекет құру, оның мәртебесін биік ұстау – мәңгілік ел мүддесінің асақ көрінісі. Бұл орайда мемлекеттілігіміздің мызғымастығы, елдігіміздің айбыны Ата Заңымызда көрсетілген құқықтарымызды түсінуде, оларды қастерлей білуде жатыр. Қазақстанның Конституциясы бүгінгі күнге дейін өміршеңдігі мен тиімділігін толық дәлелдеді. Уақыттың талай сыны мен сабағынан өтіп қабылданған оның басты құндылығы ешқашан мән - маңызын жоғалтпай, қаз - қалпында сақталып қала бермек. Заңы заңғар елдің – заманы озық. Тәуелсіздіктің арқасында Ата Заңымызды басшылыққа ала отырып, біз барлық қазақстандықтардың жарқын болашағына жол ашатын жаңа белестерді бағындыратын боламыз, – деді аудан басшысы Есім Сейілханұлы.

Жас мемлекеттік қызметшілер салтанатты түрде ант қабылдады. Ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына үлес қосып, әр салада қызмет атқарып жүрген мамандарды аудан әкімі "Құрмет Грамотасымен" марапаттады.

Шара соңы аудандық мәдениет үйі қызметкерлерінің мерекелік концертімен жалғасты.

Шара соңы аудандық мәдениет үйі қызметкерлерінің мерекелік концертімен жалғасты.



Өткен аптаның соңында аудан әкімі Есім Базарханов дәстүрлі тамыз кеңесіне қатысып, білім беру саласының мәселелерін талқылады. Тамыз кеңесіне аудан әкімі, аудандық мәслихат хатшысы, ауылдық округ әкімдері, аудан мектептері мен білім беру ұйымдары басшылары, ұлағатты ұстаздар қатысты.

Алғашқы құттықтау сөз аудан әкімі Есім Сейілханұлы беріліп, білім беру саласындағы мемлекеттік қолдау шараларын, саладағы негізгі басым бағыттарды атап өтіп, алдағы жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап, оларды орындауды тапсырды. Педагогтарға жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, жемісті жыл болсын деген ізгі тілегін жеткізді. Сонымен бірге жиында аудандық білім бөлімінің басшысы Бегімбек Рамазанов жаңа оқу жылының басты ерекшеліктеріне тоқталып, оқу жүйесінде іске асатын басты мақсат – міндеттерді атап өтті.

Конференцияда мектеп директорлары пікірлерін білдіріп, білім саласындағы жетістіктерді сөз етті. Жиын соңында аудан басшысы Есім Базарханов білім беру саласына ерекше үлес қосқан ұстаздарға ҚР Білім және Ғылым Министрінің "Құрмет Грамотасы" мен "Алғыс хаттарын", облыс әкімінің "Алғыс хаттары" мен аудан әкімінің "Алғыс хаттарын" табыстады.



Ақсу ауданы прокуратурасымен, Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушыларының, аудандық жұмыспен қамту орталығы және аудандық пробацация қызметі бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Іс-шараға атқарушылық өндірістер бойынша жұмыссыз борышкерлер және пробацация қызметі бөлімшесінің есебінде тұрған жұмыссыз тұлғалар шақыртылып, қатысып, оларға аудан бойынша қазіргі таңда бар 198 бос жұмыс орындар лауазымдары ұсынылды. Сонымен қатар іс-шараны жүргізу барысында, борышкерлер мен пробацация есебінде тұрғандарға жұмыссыз ретінде тіркелу тәртібі түсіндіріліп, бұл жұмысты жүзеге асыратын аудандық жұмыспен қамту орталығының маманының тікелей байланыс телефондары ұсынылды.

М.ШЫНДӘУЛЕТ.



Спорт жаңалықтары

30 тамыз күні Ата Заң күнін мерекесіне орай, орталық алаңда аудан тұрғындарына арналған мерекелік кеш өтті.

Ауданымыздың өнер майталмандары жиналғандарға мерекелік көңіл - күй сыйлап, ән айтып, би биледі, түрлі ойындар ойнатылды.

Шара барысында І.Жансүгіров ауылының тумасы, ауданымыздың мақтанышы, еркін күрестен өлем чемпионатында ел намысын қорғап, күміс жүлдегер атанған Шағаева Алтынды жеңісімен құттықтап, ауыл азаматтары бір млн. теңге, алғашқы және қазіргі жаттықтырушыларына 100 мың теңгеден сертификат беріп, иықтарына шапан жапты.

Ауыл азаматтарының, аудан жастарының ұйымдастыруымен "Темірлан" кафесінде дастархан жайылып, шараға аудан имамы Анарбай Тасболатұлы, ауыл әкімі Ілияс Мұсабажанов, Алтынның жаттықтырушылары, ауданнан бірнеше мықты спортшыларды даярлап шығарған алғашқы жаттықтырушысы Ғалымжанов Алтай Айтжанұлы, спорт сүйер жастар мен шара демеушілері, Өлемнің күміс жүлдегерінің мектептегі ұстаздары Алмагүл Есенғараева, Данияр Ахмолдаев және анасы мен бауыры қатысып, ізгі тілектерін білдірді.

Осы сәтте мен де ортаға шығып Ақсудың

алтын қызына арнап өлеңімді оқып, тілегімді білдіріп, алдағы жарыстарына сәттілік тіледім:

Адам ба қалмаса егер артында ізі?
Алтыным, Ақсуымның алтын қызы.
Өлемнен алған жүлдең құтты болсын.
Лебізің айтып жатыр халқың жылы.
Асхат алған күмісті сен де алдың,
Ақсу үшін ауыр ма алтын жүгі?
Алдағы додаларда алтын алып,
Жарқырсын Алтынның жарқын жүзі..

Дәл осы күні Конституция күніне орай ұйымдастырылған дене шынықтыру қызметкерлері арасында шағын футболдан жарыс өтті. Жарысқа спорт саласында жүрген жаттықтырушылар, ауылдық округтерді спорт нұсқаушылары қатысты. Шараны ұйымдастырған Ақсу ауданының бұқаралық спорттық іс - шараларын өткізу орталығы..

Нәтижесінде жүлелі І орынды аудан орталығындағы Балалар мен жас өспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары, ІІ орынды Қызылағаш балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, ал, ІІІ орынды Ақсу қант зауытының командасы иеленді. Көшербай Айбар "Үздік ойыншы", Ерлан Қапай "Үздік қорғаушы", Искаков Руслан "Үздік қақпашы" атанды.

Ербол СЫМХАНОВ.




Қыстың қамын жазда ойла!

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2022 - 2023 жылдардың жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.



БАСПАСӨЗ - 2022

АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе,
аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне
барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылға -
2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ!

МӘНГІ ӨШПЕС НҮРЛЫ ЕСІМ

Білім адамзатты өз иіріміне иіліп, құдіретті дарытатын тылсым күш. Тек оның әрбір құпиясын меңгеріп, ұғынған жан ғана бұл жолды адаспай еңсермек.

Әр кезде де білімді адамның өмірге деген көзқарасы мен өмірлік ұстанымы өзгелерден бөлек болады. Қазір тек білімділер мен ақылдылардың заманы. Білім адамның өзіне берген баға жетпес байлығы. Басындағы білімді ешкім сенен тартып ала алмайды.

Біз білімді алтын ұя мектебімізден аламыз. Ұстаздарымыз өзінің бойындағы барша білімін бізге үйретеді. Мұғалімнің оқытқан әрбір білімі бізді өмір жолында алға жетелеп, қараңғы жолда біздің шамшырағымыз болады. Білімді адамның ерқашанда өмірі ашық, жарқын болады.

Мектеп біздің өмір жолымыздағы ең алғашқы аялдамамыз. Бізді армандаған, қиялдаған мекенімізге сан қилы жол торабынан өткізетін, сенімді көшбасшымыз. Бізді білім нәрімен сусындатып, бар білгенін үйрететін - асыл ұстаздарымыз. Білім қай кезеңде де басты, бағалы қазына болған, қазіргі таңда сұраныс жоғарылағандықтан, азайған да жоқ. Дәл қазіргі заман Білімді жастар заманы, кезеңі дер едім. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай қуатты болады. Адамның білімсіз өткен бір күні - құр өткен бос күн. Білім адамзаттың бойына дарыған ең мықты қару.

Білімді адамның ерқашанда өмірі ашық, жарқын болады. Білімді болуға еркезде де ұмтылып, талпынайық

Бірақ, Ұлы ойшыл Әбу Насфр Әл Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе. Ұлы Абай атамыз осы сөздің тонын ауыстырып, қайталап, нақтырақ ашып айтып, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі» - деді. Бұл ойлардан нені ұғамыз. Ұлт болашағы үшін ең нәзік, ең жауапты сала - білім мен ғылым десек те, ең алдымен тәрбие керектігін түсінеміз. Тәрбие от басынан басталатынын ұмытпағанымыз абзал, Тәрбиенің түрлері көп, оның барлығын ашып айтпай - ақ патриоттық тәрбиені ғана алайын. Отанымызды сүю бірінші парызымыз.

Осы орайда білім мен тәрбиені тең қараған ұлы арыстарымыздың бірі, ұстаздарымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы.

Иә, «Ұлтшыл» атын арқалаған қазақ жанашырларының арасында біз қалам тартатын жан - Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл «лақаб» еңселі азаматтың тауын шағып, тағдырын қиғаны тарихтан мәлім. Алайда денесі жер қойнауына бұғауланғанымен, көкірегі елім деп соққан ақынның рухы әр қазақтың жүрегінде тіршілік етеді. Ахметтің қазағына жасаған әр құрбандығы келешек ұрпақтың сөнбес шам шырағына



айналды. Сол шырағданның әр сәулесін өшірмей ұстаған жан ғана Ахмет жеткен кемелдікке жетпек.

Ақынды мықтылыққа тәрбиеленген де дәл осы бала жастан қатал тағдыр сынағына түсіп, оларды еңсеруі.

Өмірдің ыстық суығына қаныққан жас бала балалық шағы мен ел ертеңін ойрандаған кеңестіктерге жауап ретінде қалам мен қағазды жанына серік етті. Сыр ақтарар адал дос, қалқан болар қорғанышы өлең мен өнер болды. Қазағына берген сертіне мәңгі адал болып, халқының мұң қайғысын өзімен бірге көр түбіне ала кетті. Қазіргі таңда ұрпақ алдында қадір - қасиеті түсуге айналған қазақ тілінің әрбір әріпін елімді құл қылмаймын деген мақсатта алғаш рет қағаз бетіне түсірді. Халық мұның нұрлы күлкіге ауыстырам деп жүргенде, бар қайғысы жүрекке қалай дарығанын аңғармаған ақын шырағы қапыда сөнді. Алайда, артына қалдырған ізі мен өмірінің мәніне айналған әдеби еңбектері санамызда мәңгі жаңғырмақ. Ел ертеңінің дұрыс қалануы ел тарихына қаныққан жандардың қолында. Осы жолда Ахметтің жандандырған әлемі қазаққа екінші өмір сыйлады. Оқу, тәрбие ісі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Дәл осы қағидадан берік ұстанған ақын болашақты тал бесігінен ұстады. Кеңес өкіметінің залымдығы тағдыр торабын талқандағанмен, қалдырған мұрасын тұсай алмады.

Қазақ халқына төнген қара бұлтты жарып шыққан күн іспетті Ахмет Байтұрсынұлының жарқын бейнесі ұлт санасында мәңгі сақталады.

**Жұлдызай ТІЛЕКТЕС,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп -
гимназиясының 9-сынып оқушысы.**

Сонау Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбарымызды толғандырған, кешегі кемеңгер Абай атамызды тебіренген, бүгінде бір мені емес, еліміздің саналы да санаулы азаматтарын мазалайтын бір ғана мәселе - ол халықтың рухани дүниесі. Себебі, дәл қазір қазақ елі жаһандану кезеңінде. Қай жағынан алып қарасақ та, ТМД елдері арасында қарқынды түрде алдыңғы шепте.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын әлеуметтік желідегі коуч-психологтарға қазақтың сансыз әйелдері мен келіншектерінің тізілгенін байқадым, бұдан өзгерісті қажет ететін ауыр күндердің басталғанын түсіндім. Яғни, бүгінгі таңда қазақ әйелдерінің жан дүниесіне үңілу себебім сол тұста бастау алды. Еліме деген жанашырлық, ұлтыма деген патриоттық сезімде әрі дін маманы ретінде бұл жайтқа бейғам қарай алмай, мен не тындырдым деген сауалда өзімнен бастадым. Яғни, кімге пайдам, кімге зияным тиді, кім тәлім алды, кім тәрбие алды, кім қалыс, кім алыс қалды, кім қамтылды, қамтылмады деген сұрақтар тұс-тұстан қамалағанда, егемендікпен қатарлас келетін қызметтік іс-тәжірибем сарапқа түсті, ойық тұстары бірден көрінді.

Біріншіден, отыз жыл бойына асыл дініміз тек мешіттің маңайында өрбіпті. Оның өзінде ер-азаматтарымызға басымдық беріліп, қазақ әйелдері біршама тысқары қалған екен. Ислами қағида бойынша ер адам әйел затынан бір саты жоғары тұрады дейміз. Алайда, әйелдердің жәннеті оның ері, күйеуінің разылығында деген үкімді біздер айнытпай жеткізгенімізбен, дінге келгенде, келмегені де тура осы тұсты бір жақты қабылдап алған тәрізді. Меніңше, мұны әлі күнге дейін көбісі дұрыс түсінбей келеді. Тіпті мешіт қабырғасын көрген кейбір азаматтарымыздың өзі үй мен түзде екі бөлек. Әйелдің бір саты төмен тұруы - оны төмен санау, оның құқығын таптау, оны бас салып ұрып-соғу, адам құрлы көрмеу, үйге қамап отырғызу, оның сөзіне құлақ аспау, еркекпен деп менмендікке салыну деген сөз емес. Әйтсе Алла Тағала әйелдер жайлы толығымен бір сүртен («Ниса») және арнайы аяттар түсірмес еді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз әйелдер хақындағы хадистерін өсиет етпес еді. Мүмкін біз тереңіне үңілдірмедік пе? Бұл бір қателік пе?

Екіншіден, «Жәннет ананың

ҚОҒАМДЫ ТӘРБИЕЛЕП ЖАТҚАН КІМДЕР?



аяғының астында» деген діни ұлағатты бүкіл мұсылман әлемі жатқа біледі. Алайда, қазіргі қазақ әйелдерінің ерлері мұны қалай түсініп жүр? Бұл маңызды сұрақ, өйткені ер-азаматтарымыз тек анасын ғана құрмет тұтуда. Әйтпесе қоғам сыздауына айналған бүгінгі көптеген ажырасулардың астарында ене мен келіннің шайқасы жатпас еді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) бастау алған ұлы дәстүрімізбен жанасқан осы асыл дініміз қандай жағдай болмасын бірде-бір әйел адамын жылатып, көшеге қуып, абыройын аяқ асты еткізбеген. Тіпті «Мен әйелім Айшаны жақсы көремін» деген хадисін пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұялмай-ақ, сол дәуірден қияметке дейінгі ерлерге паш еткен жоқ па? Маған әлеуметтік желі арқылы әйелдер қауымынан келетін толассыз хаттардың 70-80% күйеудің құрметсіздігі, зорлық-зомбылығы, көрсеткен қорлығы, менсінбеуі, асырамауы, шеттетуі, тастап кетуі. Одан бетерісі, осы қылықтарға аналардың бейғам қарауы, келіндеріне қолдау көрсетпеуі. Жеме-жемге келгенде тіптен, анамды таңдадым, сенің керегің шамалы, бала бөлде, қатын жолда, осымен болдық, шаруа бітті, жолың ашық, бара бер, кет деген тарқасулар. Сонда ұрпақтарын қаңғыртып жіберіп, өздері өмірден рахат көремін дейді ме? Бұл екінші қателік пе?

Келесі де бетке шыққан шиқан тәрізді көрінетін мәселенің бірі - ол тоқал, екінші әйел немесе төрт әйелдің жыры. Дәл

уақытынан бұрын пәктігінен айрылмас еді, шетел асып, бөгденің қойнына жатпас еді, шараналар дәретханаларда шашылмас еді. Жүйкелері сау болса, шұбырып психологтарға қайырылмас еді, оларға қаражаттарын уыстап шашпас еді. Яғни, бұл ішімізден іріп жатырмыз деген сөз. Сыртымызды бүтін демей-ақ қояйын, оның да жетісіп жатқаны шамалы яғни қауіп сыртта емес, нақ өзімізде. Сәл айналамызға көз салайықшы, қанымызда болмағанды қазір болдырып жатырмыз. Ауыз былапытқа толды, екі сөздің бірі белден төменге түсті. Алланың жаратқан адамы мал, қолдан түк келмейді, сөйте тұра аңдығандары мін, айтатындары сын. Атеист, ЛГБТ, Амилай, Нико, Ханата, Гугуша, Қолтықшаш және тағы да басқа арам шөп тәрізді сорақыларға жастарымыз ілесуде. Осы күнге дейін олар қайда болды? Өрине арамызда, ортамызда, ішімізде. Кешегі Кеңес дәуіріне тітіркене қарайтын біздер бүгін жетісіп отырмыз ба? Ұятсыздық пен арсыздықты жасап жатқан кімдер, сауатсыздар кімдер, дінсіздер кімдер, өрине өзіміз. Сонда бізге не болды, не көрінді сонша, кім болып барамыз?

Генетика ілімі - ағзалардың тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі туралы ғылым. Байқаймыз ба, арамызда бабалар тарихы түгілі өзінің жеті атасын білмейтін жетесіздер де кездеседі. Бүгінгі жастар жеті атасы мен тарихи шежіресін біледі ме? Егер олар білмесе, кінә да, күнә да біздікі. Өйткені, ата жолынан өзіміз жырағыдамыз, жеті атамның не өсиетін, не өнегесін, не салтын, не дәстүрін, не кәсібін, не өнерін, не дінін, не тілін жалғастыруда кембіз. Тіпті, Кеңес идеологиясынан арылмай жатып, батысқа мойнымызды тығып үлгердік. Сайып келгенде, батыс біздің дала заңымен емес, қала заңымен ұйықтап, қала заңымен оянатын капиталистердің елі. Сонда біз кімге еліктеп жүрміз? Бұған кінәлі заман ба, адам ба? Заманға келсек ол өз орнында, күн шығуы мен батуынан, мезгілдер уақытынан, сағаттың тілі өз бағытынан жаңылыспады. Ендеше неден қателестік, ойнала берейік. Негізге келер болсақ, ұлтымыз яғни қазақ халқы ғаламның ешбір этносына ұқсамайтын, өзгеріссіз қалған,

қаны таза, рухы биік, мысы басым, жігері мықты, Құдайға сенген, аруақты сыйлаған, намысты ту еткен ұлы даланың иегерлері. Ал, бүгінде расымен осындаймыз ба?

«Қоғамды өзгерту қиын емес, қыны өзіңді өзгерту» дегенге қарай, қазақтың бүгінгі өміріне психология әлемі енді. Яғни психологтар өзге елдің бөгде біреуінен сатып алған дүниелерін таратып отыр. Тіпті, оның дұрыс-бұрыстығына қарамастан, кейбіреулері асыл дінимізді араластырып, Алланың аятынан ақша жасауда. Яғни, шетел психологиясы ділімізге сәйкестендіріліп, генетикалық кодымызға егілуде. Былайша айтқанда, екпе алғанмен тең. Құбыласын танымайтын, шүкір етуді білмейтін қазақ таңнан кешке дейін айдалаға қарап аффирмация айтуда. Берері жоқ техникаларды орындап, Жаратқанның қалауын естен шығарып, армандар орындалады деп дүние қуалаумен өлек. Қазақтың қанына мұның қаншалықты сіңімді екенін біреуі ойламайды. Біле білгенге, ислам діні және одан бастау алған ата салтымыз бен дәстүріміз тұнып тұрған психология, іздегенге филология, іздегенге философия, ауырғанға медицина. Енді ойлаңыздар, біздің қоғамды кімдер тәрбиелеп жатыр?

Қаншама сұрапыл кезеңді бастан өткерген жарықтық аталарымыз төбесінен рухын жығатын компартиясы қарап тұрса да, төс қаптасындағы партбилетіне, жүрегіндегі екі дүниесіне бекем болды. Алланы бір, дәстүрді ғұрып деп біліп, аумалы-төкпелі заманда елді аман алып қалып, сара жол салған дана жандар еді. Алайда, сол жолдан бүгін адасып жүрміз.

Қасиетті Құран Кәрімде «Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді» деген «Рағйд» сүресі бар. Біздің отыз жылда өзгергеніміз сонша, қазір қос қанатынан айрылған құстаймыз, дінге келсек атеистпіз, одан қалды террористпіз, дәстүрді тек наурызда көрсетуді. Өзімізді менсінбейміз, өзгелерге тіксінбейміз. Нәпсіге құлмыз, біреулерге пұлмыз, әйелімізге қатпыз, баламызға жатпыз, туғаннан безіп, жырақты кезіп, ағайыннан ажырап, қадірі қашқан еліміз. Шынымен қадіріміз қайда?

**Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ,
дінтанушы, имам.**

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алаяққа алданып қалмаңыздар!

Соңғы кездері елімізде интернет алаяқтығының саны күрт өскен, яғни, 2022 жылдың басынан бері Жетісу облысы бойынша қылмыстың осы түріне қатысты келетін болсақ, барлығы 531 алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылық фактілері сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (әрі қарай - СДТБТ) тіркелген болса, оның ішінде жалпы 163 - интернет жүйесі арқылы жасалған алаяқтық қылмыстар орын алған болса, оның ішінде 71 - интернет жүйесін пайдалану арқылы жасалған, интернет жүйесі арқылы сауда жасау және қызмет көрсету - 47, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстыру арқылы, жеке деректерді иемдену арқылы - 21, бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар - 24.

Осыған орай, облыс көлемінде интернет жүйесі арқылы жасалған алаяқтық қылмыстар әлі де азаймай отыр, сондай-ақ, ішкі істер органдары интернет алаяқтыққа қарсы іс-шараларды үнемі жүргізуде.

Осыған қарамастан, қазіргі кезде «Интернет алаяқтықтың ең басты ерекшелігі - жалпақ жұрттың бәріне қатысты жасалатындығы» ешқандай күмән туғызбайды, себебі, интернеттің мүмкіндігін, қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отыр.

Сондықтан алаяқтық қоғамға қауіптілігі - бұл алдау немесе сенімге қиянат жасау нәтижесінде болатын қылмыс деп түсінуге болады. Мысалы, пайда күнемдік қасиеттер адамдар арасында кең тараған, алдау мен жалған мәлімет айту қазіргі күні қиынға соқпайды.

Мысалы, алаяқтық жасау тәсілі бұл жерде жәбірленушіні алдап, пайда алу тәсілі, қазіргі кезде алаяқтықты ауыр қылмыстар қатарына жатқызуға болады. Себебі, алаяқтардың мақсаттары уақыт талабынан олар да қалыс қалмай келеді, ғаламтордағы әккілердің, әсіресе, әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр.

Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Елімізде ең жиі жездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері: «интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр».

Соңғы кездері облыс көлемінде алаяқтық дерек оқиғалары тым жиілеп барады. Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері - сауда-саттық маңы. Әсіресе, сұранысқа ие «Instagram» әлеуметтік желісінде кімнің ақ, кімнің арам екенін ажырату өте қиын.

Сондықтан «Instagram» арқылы жалған хабарландыру беру немесе алаяқтар алдап түсірген деректер әліде орын алуда, мысалы, әйелдер киімін сатамын деп, талайдың ақшасын қалтасына басқан келіншек тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты менгеріп алған алаяқтар әлі де аз емес. Осыған орай, облыс көлемінде әліде аз емес «онлайн-саудагер» интернеттің мүмкіндігін мүлтік жібермеген, бұдан бөлек алаяқтар қазіргі кезде интернет арқылы «автобөлшектер сатамын», - деп өтірік ақпарат таратып, қарапайым халықтың сеніміне кіріп, ақша тауып отырған алаяқтық деректер де, әліде облыс көлемінде аз емес. Алаяқтықтың негізгі принципі - өзі құрбан етіп отырған адамды алдау, сол арқылы өзіне ақша, мүлік, басқадай нәрселердің құқы ерікті түрде бергізу болып табылады.

Сондықтан аудан тұрғындарының назарына жеткізетін болсақ, елімізде интернет алаяқтық қазіргі қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналды, адамның қолында компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айнала алатынын ескертеміз.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСТИКА ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕНІН ХАБАРЛАЙДЫ

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай - портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді

азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, EgovKzBot іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS - хабарлама келеді, коды енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды.

Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру - соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар. Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
басқармасының қылмыстық
саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру
прокуроры.

Темекі шегу - денсаулыққа зиян...



САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Темекі шегу - бронх-өкпе, онкологиялық және басқа да созылмалы аурулардың қауіпті факторларының бірі. Темекі шегу - бұл жүрек-қан тамырлары ауруларының (инфаркт, инсульт), ерлерде эректильді дисфункция, терінің ерте қартаюуы, сондай-ақ, жүктіліктің қолайсыз нәтижесі және жүкті әйелдерде болашақ баланың денсаулығы үшін тәуекел факторы.

Шылым шегу кезінде темекі түтіні өкпе обырының, бронх демікпесі ұстамаларының және ересектерде созылмалы аурулар симптомдарының нашарлау қаупін арттырады, сондай-ақ қайталанатын респираторлық аурулардың, бронх демікпесінің және балаларда тыныс алу қызметінің бұзылуының себебі болуы мүмкін. Әлемде әр 6 секунд сайын темекі шегуші өледі. Және бұл ма Темекі, заңды болғанымен, физикалық және эмоционалды жағынан ең зиянды дәрілердің бірі болып табылады. Бұл бізді сансыз ауруларға бейім етіп қана қоймай, көңіл - күйімізді бұзады және мінез - құлықты біз ойлағаннан да өзгертеті.

Біз темекі шеккенде, әр ингаляциямен біз денемізге 7000-нан астам түрлі химиялық заттарды енгіземіз, олардың кем дегенде 250-і адам денсаулығына зиянды және улы екендігі дәлелденді. Оның 69-ы канцерогенді.

Демек, темекі шегу қатерлі ісіктің барлық түрлеріне тікелей жауапты, сонымен қатар біздің өмірлік маңызды мүшелеріміздің жұмысына қауіп төндіреді, сонымен қатар оған байланысты патологиялар: гипертония, жүрек жеткіліксіздігі, бүйректің зақымдануы, терінің қартаюуы, өкпе патологиялары және т.б. әкеліп соғады. Темекінің әлемдік денсаулыққа әсері қандай?

Әлемде 1100 миллионға жуық темекі шегуші бар және біз айтқандай, темекі әр 6 секунд сайын бір адамды өлтіреді. Біз жаһандық қоғамдық денсаулыққа ең үлкен қауіптің алдында тұрғанымызды түсіну үшін сандарды ғана жасау керек. Ол тудыратын және кейінірек талдайтын патологияларға байланысты, темекі жыл сайын 8 миллион адамды өлтіреді. Оның ішінде 7 миллион белсенді темекі шегушілер, бірақ 1 миллионға дейін темекі шекпейтін және темекі шегетін адаммен өмір сүруден қайтыс болатын адамдар, яғни, олар пассивті темекі шегушілер.

Темекі шегудің алдын алу - қазіргі қоғамның ең өзекті міндеттерінің бірі. Қазіргі уақытта темекі шегу мәселесі өте өзекті тақырып болды. Әрбір адам ағзаға тіпті бір темекі шегетін зиянды біледі, бірақ адамдардың көпшілігі темекі шегуді жалғастырады. Темекіге қарсы заң бұл жағдайды түзетуге көмектеседі, шылым шегуге қарсы күрестің ең маңызды бөлігі - бұл алдын алу. Аман болайық! Сау болайық!

Өзімізді осы кесірден сақтайық!

А.ҚАЛДЫБАЕВА,
аудандық орталық
ауруханасының СӨСҚ дәрігері.

Ұлтты ұлт ретінде танытатын нышанның бірі – зиялы қауым, зиялы азамат. Ұлы дала халқы ықылым заманнан бері зиялының сөзін ес тұтып, соған арқа сүйеп дамып отырған. Оларды келер ұрпаққа үлгі еткен.

Бүгінде сондай зиялының бірі академик, профессор, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» Мұқатай Немеребаев жуырда жетпіс бес жасқа толды. Біз сонау 1966 – 1967 оқу жылын Чапаев атындағы (қазіргі Сикымов) орта мектепті бітіріп, Еуразияның Батысы мен Шығысын таңқалдырып, табындырған ғалыммен жаңа оқу жылы қарсаңында жолығып, өмір жайды әңгіме өрбіткен осы мектепті 1966 – 1967 жылы бітірген Кеңес Одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Ұ.Бағаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы", аудандық «Ақсу өңірі» газетінің бұрынғы директор – бас редакторы Дүйсен Мұхаметшарұлының сыр – сұхбат әңгімесін Білім күні қарсаңында жариялап отырмыз.

**Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



ЖҰЛДЫЗДАР ЖАРҚЫРАП ЖАНАДЫ

(Сыр – сұхбат әңгіме)

СУРЕТТЕ: Мектептің бұрынғы қос түлегі бүгінде академик, профессор М.Немеребаев пен журналист Д.Мұхаметшарұлының сыр – сұхбат әңгімесінен көрініс.



ЖУРНАЛИСТ:

– Өз саласы бойынша оқ бойы алға озып, биік белеске көтерілген талант иелерін көргенде, ол бірден осылай бола қойды ма? Оның өскен, тәрбие алған ортасы қандай еді, ұстаздары кім болған? – деген сұрақтардың туары заңды құбылыс. Дәл осындай сауалды қойғанда менің ойыма Сіз бен біздің оқыған орта мектеп ойға оралады.

Шындығында адам баласы жарқ етіп жарық дүние есігін ашқан соң, әуелі келешек өмірін мектеп табалдырығынан бастамай ма? Бірақ, болашақта кім боларын білмейтін балалық шақтың ең қызық ортасы мектеп қой. Олай болса бүгінгі әңгімеізді білім күніне орай мектеп өмірінен яғни ресми әңгімеден гөрі оқушы кездегі қызықты жайттардан бастасақ.

АКАДЕМИК:

– Иә, жазғы қара башпақты тастап мектепке дайын болып, қыркүйекте И.В.Чапаев атындағы орта мектептің үшінші сыныбына көршім Тойлыбай екеуіміз бардық. Сабақ беретін ұстазымыз Ақтаева өте байсалды адам болды. Сабақты жақсы оқыдым, тек сәл орыс тілінен шорқақтау болдым. Математикадан мектепті бітіргенше алдыңғы қатарда болып, түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көріндім. Сыныптың старостасы міндетін мектепті бітіргенше атқардым.

Сонымен жылдар өтіп жатты. Кластан класқа көшіп, сегізінші сыныпты бітіріп,

мемлекеттік емтиханнан кейін, ересек балалар мектепті тастап, түрлі жаққа кетті. Жақын ауылдан кеткен балалардың орнына көбірек оқушылар келе бастады. Ауылдан 7 км. жерде «Көкөзек» ауылынан (Әділжан, Төлеш, Жұмакүл), Ленин совхозының Тарас бөлімшесінен (Батырбек, Айымгүл, Күлшікен), тағы да өзге ауылдардан (Қантай, Тоты, Рысты, Аманкелді) сыныпқа басқада көптеген оқушылар келді. Ортамыз толып, сабақтар жалғасын тауып кете барды.

Енді біз де бала болғанбыз дей отырып, құрдастарымның бір – екі қылықтарын айта кетейін. Қай сыныпта екені есімде жоқ, жаз айы болатын. Үзілісте сыныптағы шыбындарды ұстап, жұқа мыс сымнан екі аяқты арба жасап, шыбынды жегіп жарыстыратынбыз. Сондай бір үзіліс бітіп қалған кез, Ержан терезеде «шыбыным, шыбыным - деп бір шыбынды қуып жүрген кезде, математикадан беретін Байтұрсын Тұрарбаев деген мұғалім кіріп келді. Біз барлығымыз тұрып сәлем беріп жатырмыз, ал Ержан шыбын қуып терезенің алдында жүр. Балалар күлкіден езулерін арын-арын тоқтатып, сабаққа кірдік. Себебі, ол мұғалім өте қатал болатын. Ержанның сыбағасын беріп, сыныптан шығарып жіберді де, сабағын бастап кетті. Біз жым болдық.

Сондай қызық кезеңдердің тағы бірі Қожақыметов Тойлыбаймен де болған. Сабақ басталған, мұғалім кешігіп жатқан кезде, есіктен сығалай берді. Тағы бір сығалай берген кезінде, Даулетбай деген ересек бала, басының көп жерінде шашы жоқ болатын, Тойлыбайды артқы жұмсақ

жерінен теуіп жіберіп еді, дәлізде өтіп бара жатқан мектеп директоры Бисенбаев ағаймен соғысып қалды. Директор Тойлыбайды жетектеп, сыныпқа кірді. Тойлыбай шімірікпей, Даулетбайды көрсетіп:

– Мен есікті жабайын деп едім, мынау теуіп жіберді, - дегені. Сонда директор Даулетбайға ренішін білдіріп еді, ол өтірік ақтала бергенде, директор оның басына қарап:

– Сен де таз, мен де таз, сенің айтқан сөзінде шындық аз, дауа жоқ, - деп сыныптан шығысымен, біз ду күлдік. Екеуінің шашы селдір – селдір, кей жерінде шашы жоқ еді. Содан Дәулетбайға күні бүгінге дейін «шал» деген қосымша ат жабысты.

Әдебиет сабағы басталды. Ұстазымыз Метбаева үйге берген жаттауды, яғни Байғанинның соғыс туралы өлеңін жатқа сұрай бастады. Бір-екі оқушыны шақырып еді, жаттамаған болды. Сол сәт, Әділжан Құнболатов (Сайымбөлекөв) қолын көтеріп:

– Тәтей, мен айтайыншы, - деп қоймады да, ақыры тақтаға шықты. «Желігіп, Германия соғыс ашты», - деп бастап, тоқтап қалды да, біраз үнсіз тұрды. Содан соң: «Тәтей, қайта айтайыншы», - деді.

– Айта ғой.

– Желігіп, Германия соғыс ашты, - деді де, Әділжан тағы да үнсіз қалды. Сол кезде орнынан Амантай атып тұрып, - тәтей, тәтей, Әділжанды ары қарай албасты басты, - деп дауысын көтеріп еді, жым - жырт болып тұрған сыныптың іші әбден күлкіге қарық болды. Ұстазымыз бес алам деген Әділжанға қонжытып екіні қойды да жіберді...

Біздің сынып жетекшіміз көп жылдары физика сабағынан дәріс беретін Сердалы Мадимов болды. Кейін математика пәнінен берген Қалилақанова жетекші болып, соның басшылығымен мектепті бітірдік. Дәріс берген ұстаздар көп болды, соның ішінде тарихтан берген Байболат Әліпбеков, орыс тілінен бергендер Төлеу Рымбекова, Райхан Ташкенбаева сынды мұғалімдер сабақты бар ынтасымен жүргізетін. Ал, Метбаева Бижікен апаи сияқты қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген ұстаздарды ерекше атауға болады.

Осындай қызықты оқиғаларға толы мектептегі балалық шақпен қоштасатын кез де келіп жетті. Мемлекеттік емтихандарды тапсырып, аттестатты алып, қоштасу кешін жасап, жан – жаққа қанатты жайып кеттік.

ЖУРНАЛИСТ:

– Арман құған студенттік шақ бір дәуір емесе еді.

АКАДЕМИК:

– Өзің білесі мен студенттік шақты Қарағандыдағы политехникалық институтқа түсіп бастадым ғой. Әрине, студенттік өмір - қайталанбайтын, ерекше бір ғұмыр. Ғұмыр болатыны - жасың, алаулаған албырт жастың ортасы, басыңа тұрмыс тауқыметі түспеген кез. «Мойынға міндет ілінер - ау» деген қаперде жоқ. Басың бос, арманшылсың. Бәрі де оп - онай біте қалатын тәрізді. Жазғы демалысымызда жыл сайын құрылыс отрядын басқарып, түрлі ғимараттар салатынбыз.

1973 жылғы құрылыс жасағының нәтижесі бойынша мені Кеңестер Одағының «Еңбектегі ерлігі үшін» медалына ұсынды. Сол жылғы Қарағанды қаласының комсомолдарының сессиясында Бүкіл Одақтық комсомодың XVII съезіне делегаттыққа сайлады. 1974 жылғы сәуір айында өткен Бүкіл Одақтық комсомолың XVII съезіне Мәскеу қаласына Қарағанды обылысынан 18 делегат аттандық.

Сонымен комсомолдың XVII-съезін дүркіретіп өткізіп, біраз елдің делегаттарымен таныс болдық. Сол съездер мәдениет үйінде біздің мектептен Алматыға кеткен, бір класс жоғары оқыған Біләлов Қуанышты көріп мәре - сәре болдық. Ол Алматы қаласының комсомолдар жастарының бірінші хатшысы екен. Содан бір ауылдың жігіттері әр қаладан делегат болып, Мәскеудің төрінде кездестік. Келгеннен кейін Қарағанды облысындағы түрлі комсомолдардың іс - шараларында қатысып, съезде болған жағдайлармен бөлістік. Осылайша сан қызық – думанның көкесі болған институтты да қызыл дипломмен бітіріп, қимастықпен тарастық.

ЖУРНАЛИСТ:

– Ғылым жолында әлем таныған жетістіктеріңіз және алғашқы ұстаздық еңбек жолыңыз.

АКАДЕМИК:

– 1975 жылдың тамыз айының соңында Шымкент қаласындағы Қазақ химия - технологиялық институтына жолдамамен сол еді, алдымнан Лысенко Н.И. кездесе қалды. Николай Иванович Қарағандыда бізге Материалдар кедергісі пәнінен Сафа Уметалиевичтің орнына біраз сабақ берген, мені жақсы танытын. Хал – жағдайды сұрасқаннан кейін, «осында жолдамамен келдім» деп едім, қуанып, «онда біздің кафедраға аламын» деді де, қолымнан жетектегендей болып, барлық өтетін орындардан өзі жүріп өткізіп, Материалдар кедергісі кафедрасына оқытушы қызметіне тағайындалдым. Жас маман ретінде жатақханадан орын алып, жұмысқа кірісіп кеттім.

Содан 1978 - 1979 оқу жылын Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтынан бастадым. Онда Материалдар кедергісі кафедрасына алғашқыда оқытушы қызметке бұйрықпен кіріп, кейін конкурс арқылы өттім.

Сонымен Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтына келгеннен сол Материалдар кедергісі кафедрасында оқытушыдан бастап профессор міндетін атқарушы қызметіне дейін көтерілдім. 1986 - 1987 оқу жылында Механикаландыру факультетіне деканның орынбасары қызметіне тағайындалды.

2003 жылдың қыркүйек айында А.Яссауи атындағы ХҚТУ Тараз институтында Оқу - әдістемелік бөлім бастығы қызметіне қабылдандым.

2008 жылғы 1 - сәуірде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі Д.14.23.01 диссертациялық кеңестің мәжілісінде «Композит материалдардан жасалған тор көзді құрылымдарды



екі кандидатты атады. Сөйлеп, ұсыныс білдірушілерге мүмкіндік берді. Сол-ақ екен, сөз сөйлеуге бір студент қыз сұранды.

- Мен VI курс студентімін. Есімім - Мейрамгүл. Біз Немеребаевты мұғалім білмейміз ғой. Бұрынғы төрағаның жұмысы жаман емес еді. Сондықтан мен бұрынғы төрағаны қолдаймын. Мұқатай деген студентті танымаймын, - дегені. Сол сөз қамшы болды ма, жұрттың бәрі менің қарсыласым жағына шығып кетті.



СУРЕТТЕ: Академикпен мектептегі сәті түскен кездесу. (Солдан оңға үшінші мектеп директоры Рахат Ибраимова, академик Мұқатай Немеребаев).

Біз осылай таныстық. Ол жолы бұрынғы төраға сайланып кетті. Мен орынбасары болдым. Бірақ, байқаймын, таныс та бейтаныс Мейрамгүл менен қысылатын секілді. Бір жатақханадамыз ғой. Бір жолы кітапхана алдында кездесіп қалдық.

- Мұқатай, сені жалпы білемін. Өткендегі пікіріме өзім ұялып жүрмін. Елдің бәрі қарсыласыңды қолдап кетеді деп ойлаған жоқпын. Мүмкін, менікі дұрыс болмады, - дегені.

- Оқасы жоқ, бәрібір сол төңіректе жүрмін ғой, - деп өкпелемеген сыңай таныттым.

Жақсы сөйлесіп кеттік. Осылай басталған таныстық достыққа ұласты.

Дипломын алған соң, Мейрамгүл жолдамамен Таразға кетті, мен жолдамамен Шымкентке жол тарттым. Өзім Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы), Ақсу ауданынан едім. Мейрамгүл Мойынқұмның Бірлігінен. Арада ай өткенде апта соңында қыдырып барып, Мейрамгүлмен бірге қаланы араладық. Сол жолы сезімімді білдірдім. Арада тағы алты ай өткенде екеуміз отау құрдық. Қазіргі таңда бақытты отбасымыз. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірдік. Немере сүйіп отырған жағдайымыз бар. Түрлі сайлаулар келген сайын «Мейрамгүл кімге дауыс бересің?» - деп қалжыңдайтыным және бар өткенді еске түсіріп.

ЖУРНАЛИСТ:
- Біз енді өкенің айтқаны бітті! - Заң! Дем өстік қой. Сондықтан болар, қанша жасқа келсек те өке сөзі ешқашан ұмытылмақ емес. Олай болса өке, ана туралы да сыр өрбітсек жөн шығар.

АКАДЕМИК:
- Әрине, өке асқар тау ғой! Білімнің шынар шыңына тұқсақ та әлі өке ақылы қажет болып тұрғандай көрінеді. Өзің білесің менің өкем - Байбол ұлы Немеребай 1894 жылы өмірге келіп, 1975 жылы 26 ақпанда өмірден өтті.

Қазақ халқында өкені «асқар тауға»

балап, оның отбасындағы орнын жоғары қоя білген. Өке - сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, асырап-бағуға да, жақсы тәлім-тәрбие беруге де міндетті адам. Қазақта: «Өкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» - деп тегін айтпаса керек. Өке - бала үшін асқар тау. Өке қамқорлығы дегеніміз - отбасы мүшелерін әртүрлі пәле-жаладан қорғап отыратын қасиетті ұғым. Сондықтан өкені сыйлау, оған үлкен құрметпен, ілтипатпен қарау баланың парызы деп есептеймін.

бергенде Оңалбек ағамыз машинасын қозғалтып жүріп кетеді екен де, біраз жерге барып тоқтап тұрып, тағы жақындағанда қозғалып, біраз азапқа салып, жалындырып, отырғызған екен. Өкеміз өте боқтампаз болатын. Машинаға отырғанша «өке», «көке», «Оңалбек, сен жақсысың», - деп келіп ауылға жетіп алған соң әй бір сыбап тұрып балағаттаса керек. Иә, қайындарының мұнан да зор қалжыңдарын үлкендер еске алып күліп отыратыны.

Міне, осындай өкем жайлы естеліктер ойыма түскен сайын, оның өдемі қалжыңы, әсем сөздері санамда жаңғырып, өкеге деген сағыныш жүрегімді керней түседі.

ЖУРНАЛИСТ:

- Ал, бір қолдарымен бесікті, бір қолдарымен әлемді тербеткен аналар жайлы сыр қанша.

АКАДЕМИК:

- Асыл анам Нұрилла туралы айтсам, жүрегім әлі күнге дейін елжірейді. Ана болса, сондай-ақ болсын. Апам бізді еппен жұмсап, айтқанына тез көндіретін.

«Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңды өтей алмайсың» деп бекер айтпаған. Шынында да, осыншама қиналып, көз жасын төге жүріп, бізді өсірген анаға қолыңнан келгенін бәрін істесең де, оның бәрі анаңның түн ұйқысын төрт бөлген бір күніндей ғана.

Таңнан тұрып, жұмысқа кеткенше үй шаруасын бір жайлы етіп тастайтын. Сөйтіп жүріп бәріне үлгереді. Бие де сауады, қымыз да, ашытады. Мұндайда оның қолқанаты - Қайша өкпе және ағам Мұратай болатын. Апам малды ауылдың жұмыстары саябыр тартқан соң киіз басып, текемет түрлеуге елді жұмылдыратын. Ал өрмек тоқығанда қолы-қолына жұқпайтыны сондай, оның шеберлігіне елдің бәрі таңқалып қарайтын.

Анам колхоздың сауын фермасында сауыншы болып зейнетке шыққан. Малды ауылда дүкен жоқ, жылжымалы дүкен анда - санда келеді. Анамыздың қолынан бізге қажетті тамақтардың түр - түрі, киім - кешек шығатын.

Соның бірі ішуден артық қалған сүтті дорбаға жинай берсе, қатық болады. Оны шайқап, майын бөліп алған соң іркіті қалады. Алған көбік майды алақанымызға анамыз салып жіберетін, ал оны жалағаным - бала кездің бір қызығы. «Ит басына іркіт төгілді» деп бабаларымыз молшылықты осылай бейнелеген ғой.

Сиырдың майы қарынға жиналса, құрты қапқа салынатын. Бұдан бөлек ірімшік бар. Қып-қызыл ірімшік қазір түсімізге кіреді, ал тісімізге тимейді. Шешемізбен бірге қайтпасқа кеткен қайран өнер! Оны қазір көрсетіп жүр, толық емес қант қосып тәттілігін көтеріп. Қызыл ірімшік өзі тәтті болып шығатын.

Малды ауылда жүгіріп барып алып келетін дүкен жоқ, сондықтан барлық тағам түрі анамыздың қолынан шығатын. Анамыздың пісірген наны түрлі - түрлі болатын. Таба нан, ол екі табаға салып жоғарыда айтқан тезектің шоғымен көму арқылы пісетін. Қазан жаппай, ол қызған қазанға нанды жауып лезде пісіретін де, бетіне қаймақ жағып ыстықтай қолдарымызға ұстататын, ал оның дәмі осы күнге дейін аузымыздан кетпейді. Анам мен үйленгеннен кейін ұзақ жыл бізбен бірге болды. Шымкент қаласының жатақханасында келіні Мейрамгүл екеуі ішкі шерлерін тарқатып, шайды көршілермен бірге ішетін. Мен көбіне жұмыста боламын. Кейде басқа қалаларға іс-сапармен кетемін. Таразда немерелеріне қарап, үйдің ұйытқысы болып отыратын еді. Қайтыс боларының алдында: «менің сүйегімді сүйремеңдер», - деп ауылға барып жегжат - жұрағаттарын емін - еркін аралап қайтып еді. Жарықтық. Біз оған мән бермеппіз. Енді ойласақ қайран шешем өмірден озарында алдын ала білген екен ғой.

ЖУРНАЛИСТ:

- Міне, әңгімеміздің соңына да таяған секілдіміз. Енді өзің оқыған мектеп ұстаздарына жаңа оқу жылында не айтар едің?

АКАДЕМИК:

- Әрине, жаңа оқу жылында Жаңа Қазақстанды құруға белсене атсалысатын аудан оқушыларының арасында үздіктер көп болғай деп, барша ұстаздар қауымына тамаша творчестволық табыс, ол үшін зор денсаулық тілеймін.

ЖУРНАЛИСТ:

- Мазмұнды сыр - сұхбат әңгімеңізге рахмет.

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

МАТАЙ

(ЖАЛҒАСЫ).

«танысаң үш Матай мен Қызайыңмын, танымасаң жанды алар құдайыңмын» деп, Тобықты елінен енді ықпайтынын білдіреді.

Аяғез округіне қараған Ханқожаұлы Сыбанқұл мен Сарт екеуінің аға сұлтан болуға деген тіресі күшейді. 1831 жылы Досетов Төнеке Сарт Өшінұлына қарсы болады. Құлшан Тастанбек, Байқұтан үшеуі Сыбанқұл Ханқожаұлын қолдайды. Бірақ, Сыбанқұл Қытайға бұрады.

Ақыры Сарт Өшінұлы 1831 жылы аға сұлтан сайланып, қарамағына келген Матайларды орысқа қаратуға әрекет жасайды. Ханқожаұлы Сыбанқұл қарамағына келгендерді орыстар қарамағына қарамағына қазақ рулары арасына сіңіріп, таратуға әрекет етеді. Семей губернаторымен хабарласып, әскер алады. Оған ел көнбейді. Қаракерей Мұрын елінің Қожагелді деген атақты адамын Хабаров деген атып өлтіреді. Содан Сыбанқұл құн төлеуден бас тартып, Арқат тауына қашады. Онда қол жинап, Мұрын елін шаппақ болады. Алғашында жеңіске жетеді. Бірақ, Мұрындардан қорқып, үш-төрт жылдан соң Тарбағатайдан асып, Шәуешекке кетеді. Қытай өкіметіне арқа сүйеп, Қызай елін шауып алмақ болады. Сыбанқұл қолы Қызайлармен Еміл өзенінің бойында кездесіп, жеңіліс табады. Сыбанқұл сырғып Тарбағатайға кетеді. Сауда керуендерін тонайды. Халық жаппай оған қарсылық етеді. Көптің шағымымен Қытай амбосы оны қолға түсірмекке алдап шақырады. Сыбанқұл айлаға басып, оның шақыруына бармайды. Одан халық болып орыс өкімшілігіне шағымданады. Бұйрықты дұрыс түсінбеген қарулы орыс әскерінің бастығы сотник Жуков Тарбағатай тауында Сыбанқұл қарамағындағы қазақтарды талқандайды. Сыбанқұл біраз кісілермен Қытайға қашып өтіп, «атам сіздерге қызмет еткен, мен де ізгі ниеттемін, орыстар шапты» деген сөздер айтып, олармен жақсы қатынас орнатпақ болады. Қытай амбосы оны қолдам, атасының адал қызмет еткені үшін оны еркін жібереді. Сыбанқұл Тарбағатайда жасырынып жүріп, төңіректі жиі барымталап, орысқа қараған елді 15 жыл арпалыспен мазалайды. Орыстар Сыбанқұлға қарсы 1939 жылы арнайы отряд жасақтап, оны сотник Портнягин басқарады. Сол жылы Сыбанқұл Қытайдан Тарбағатайға қайтып оралғанында, орыстар жасақтаған әскер басшысы оны ұстайды. Сыбанқұлдың ашпасы бір саудагер сарт арқылы ұстап береді. Ол үйелменімен Томск губерниясына жер аударылады. Айдау жолында 1841 жылы Сыбанқұл өледі. Осы жәйіттерден кейін, орыстар өз иеліктеріне елді Қытай жағынан барымтадан арылту үшін, Үржар өзенінің бойына орыс-қазақтардан мықты күзеттер жасақтап орналастырады.

Төнеке мен Тастанбек батырлар бастаған Матайлар орысқа бағынуға көнбей, Қоқан хандығына қарай жазылып, Шапырашты елін отыраған жерінен Ілеге қарай ығыстырады. Шежіре тізбесінің «примечаниясында» Мұхаметжан Тынышбаев: «1835 жылы Төнеке батыр Шапырашты елін Қапалдан құды», - деп жазады. Келер жылы үш Матай елі Қапал, Ақсу, Лепсі өңірлері мен Қаратал өзенінің жағалауларын иелік етеді. «Заметки об отдельных общинах» деген зерттеуінде П.П.Румынцев: «Ертерек Қарасай руы Ақмола облысында мекендеген. Қарасайдың зираты Көкшетау уезінің Айыртау шатқалында.

Ақмоладан Қарасайлықтар Жөңкеге (Баянжүрек, Арасан) көшкен. Одан олар Верный уезіне, Қастекке қоныстанған. Бастап аларған Қарасайдың бесінші ұрпағы Қарам деген. Оның зираты Отар пошта бекетіне жақын, Құлқамыс шатқалында. Қарам есімімен Түрген болысында жайлау аталады», - деп жазады. М.Тынышбаевтың дерегі шындық. 1836 жылғы «қақ тышқан» жұтында Шар өзені аймағында тұратын Матайлар әркім әр жаққа, көбі Жетісудағы Қапал уезіне көшеді.

Басында Қапал, Ақсу өңіріндегі Матай еліне орыстар кісі салып, бізге қара десе көнбейді. Қоқан туы қолында, казак-орысқа Ташкент адамдарының бастығы қазақты бастап қарсы тұрмақ болады. Орыс әскері мылтық пен зенбірек атады. Қазақ бытырап қашады. Өзге қазақ жапырыла қашқанда бір қазақ орнында тұрып қалып, оның басын зеңбіректің оғы жұлып өкетеді. Өлгі қолды бастаған Ташкент адамы жаралы болады. Ел ішінде осы күнге шейін ауыздан қалмай айтылып жүретін:

«Әри-айдай арбаның дөңгелегі,
Кейін қалды ауылымның бір бөлегі.
Кейін қалмай қайтеді бір бөлегі,
Шыдатпады көптің зеңбірегі», - дейтін өлең жолдары сақталған.

Бұл 1837 жылы, 19 шілдеде болған оқиға. Қаратал мен Көксу өзендері аралығына жиналған төрт мың Матайды заседатель Крайкин Медведев отрядымен үркітіп, таратып тынады.

Матай елі басқыншы орыстарға бағынбай басып, Қаратал, Көксу өзендерінен асып, Алтынемел асуындағы Матай тауы мен Ілеге жетеді. Үш Матай елі екіге бөлініп, бірін Құлшан Тастанбек Алтынемел асуындағы Матай тауына өкетсе, енді бірін елі Қыдырәлі, Төнеке батыр басқарып, Ботбай Тойшыбек бидің қасына кетеді. Тастанбек Қоқан иелігіне тартса, Төнеке ешкімге қосылуға мойын бермейді. «Жетісуым – жеті құтым, ырысым» кітабында Бүркітбаева

Үміткен Сүйіншіқызы: «1837 жылы алым-салық жинап әмбе Матай мен Садыр болысын құруға заседатель Крайкинмен бірге Медведев отряды шығады. Төнеке мен Тастанбек бастаған Матай елі Қоқанды жақын тұтып, солай көшеді. Артынан қуа шыққан отряд Көксу мен Қаратал аралығында Матайды талқандайды. Осы дағдарыстан Матайлар екіге бөлінеді. Бірін Тастанбек, бірін Төнеке бастайды. Төнеке мен Байқұтан елді бастап Тойшыбек би (Тау шүбек) қонысына барады. Қоқан ханына екі жақ тарту таралғы жасаған соң жақсы қарсы алады», - деп деректейді.

Үш Матай елі Қалқабай мен Тастанбектің қалауымен Іленің бергі жағына барған соң, алпыс қара ат тарту-таралғымен Қоқан хандығына мәлімденеді. Қоқан ханы оларды жақсы қарсы алып, «сол көшіп келген жерлерінді мекендеп, өзге рулармен тату тұрыңдар» деп, Қалқабайға қодастың құйрығынан жасалған ту, ал Тастанбекке бағалы сый тарту береді.

Қоқан хандығының құрамындағы Ұлы жүз рулары Матай елін «ауып келді» деп бата торып, барымта, ұрыс жасап, ол кісі еліміне әкеледі. Қақтығыстың бірінде Үйсін Саурық батырдың баласы Ыстанбек қаза табады. Ұлы жүз рулары Қоқан ханына Матай елі үстінен, жиі шағымданады. Сол кезеңнен ел сақтап қалған өлеңде: «Сол кезде Рүстем деп төре шықты,

Үйсін мен өр Найманды бөле шықты.
Орысқа ел жамандап шен алмақ боп,
Найманға қарсы тұрып, өре шықты.
Үйсінге көшіп барған барлық Матай,
Солардың жазасын да бере шықты.
Жамандап үкіметке ел бүлдіріп,
Рүстем сұмдық сайлап, көре шықты», - делінеді.

Ұлы жүз адамдары Матайларды жамандап Қоқанға шағымданады. Қоқан хандығы Матайдың адамдарын Қоқанға шақырады. Үстінен шағым жүріп қалған Матайлықтар Қоқанға баруға дауаламайды. Ол уақытта Қаракерей, Садыр орысқа қарап тынышып қалған еді. Сондықтан Матайлар қонысына кері қайтуды ойласады. Матайлардың осы қобалжуын біліп, Қоқан хандығы олардан жақсы ат, атан-түйе, қыздарын олжалап алып қалу үшін, атақты қанішер Рүстемге ерік беріп, осы күнгі Іленің солтүстік бойында «Үйсін-Найман» шабысы етеді. Ілияс Жансүгіров Құдайберген Тұрысбекқұлына сауал жолдапты. 1924 жылы 19 қарашадағы Тұрысбекқұлы Құдайбергеннің жауабы: «Рүстем - кім болса, ол болсын. Жалайыр ішіне келіп, төре болып тұрған. Ол заман Үйсін мен Найман арасы барымталы, сүргін екен. Үйсін мен Найман жақсыларын жинап Рүстем «мен дәм-тұзым ауып, осында келдім. Сіздердің тату болғандарыңды қалаймын. Ақысы болса дау қумай, жақсылар арқылы шешейік деген пәтуа қылады. Бөз бие сойып уәделеседі. Содан біздің ел тағы мал алып қойса керек. Рүстем біздің елге екпелеп, «уағадасыз ел екенсіңдер» деп, артына кек сақтап жүрген екен», - делінеді.

Төнеке батырға ерген ел Үйсін, Ботбай Тойшыбек бидің қасына барып пана тауып, біраз тыныс алып, өз жеріне аман-есен оралады. Тастанбек батырға ерген ел өз беттерімен кері қайтқандарында, Қоқан ханының өмірімен Рүстем төренің опасыздығына ұрынады. «Кенесары жорығы» нұсқасында Мешһур Жүсіп Көпеев: «Рүстем төре Спандиярдың ұлы. Дулат елі ішінде бір төре өзін-өзі «Алтын бесік Бабыр тұқымынанмын» депті. Шынында алтын бесікті болды. Оңбады. Ойнастан тапқан қыз баласы «хан баласы» деп, тапқан баласын өлтіртпей, айла қылған», - деп жазады. Тезек төренің ағасы Көшен төреге арнаған жоқтауында Есқожаұлы Төрөбай ақын:

«Рүстем төре Найманды,
Шабабын дер дегенде.
Албан, Суан, Дулаттан,
Қол жинауға келгенде,
Туыс деп оған ермеген,
Зорлығын мақұл көрмеген.
Рүстемге қол сілтеп,
Азғырыңды көнбеген», - дейді.

1839 жылы көктемде Жалайыр-Күшік елін басқарған опасыз Рүстем төре босып, Қаратал өңіріне пана іздеп келген Матай елінің малдарын талап, өздерін бала-шаға, шал-кемпірге қарамай, Ақешкі мен Дауылбайға жинап, ешкімді тірі қалдырмай қырады.

Жетпіс жастағы, елі Қайнар, Рай деген қария жауын бөгең, қайын сырқыпен талайын ұрып қайрат қылады. Қанішер Рүстем төре «жасынан билік айтқан майталман» жиырма бір жастағы Олжабайұлы Сатайды қыл шылбырмен байлап, Жалаулының дауылы (Дауылбай) шоқысында азаптап өлтіреді.

Құлшан Тастанбек батыр бастаған босқын ел Тышқан-Бұрқан деген ұзын судың бойындағы Рүстем төре ауылына жақын келіп қонады. Тастанбек батырдың қасына қосшы болып Күржұман, Бектас батыр, тағы алты ер еріп, Рүстем төре ішінен «құдай берді» деп шақырған соң, отауына қонақ болып барады. Төртсары Естемес екі кісі жолдасымен келеді. Рүстем төре оларды алдап, ас-дәм үстінде қапыда бәрін тұтқындап, соққыға жығып, сегіз адамды темір шынжырмен жеке қазақ үйге көгендеп, одан ат құйрығына байлап сүйретіп, езгімен үстілерінен жылқы айдатып, иттік-өліммен өлтіреді.

Тұн уағында Күржұман Үлпер қыздың көмегі және өз ақыл-айла қулығымен, ауыр соққы-жарақатына қарамай, Аю сайына қашып, одан Тышқан-Бұрқан өзен суларымен дөңбекке міне жүзіп, еліне есен жетіп, жағдайды хабардар етеді. Естемес батырды қанішер Рүстем әбден қинап, ең соңында нысанаға қойып, жүрегінен атып құлатып, ол қорылдап жерде жатқанында қанжарымен күре тамырын орып, екі алақанына қанын уыстап ішеді. Бұл оқиға жайын баяндайтын Ілияс Жансүгіровтың 1926 жылы жазған «Рүстем қырғыны» деген тарихи поэмасы және Тұрысбекқұлы Құдайбергеннің атасы Қалқабай мен Күржұман шалдың аузынан болған оқиғаны естіп, 1924 жылы 19 қарашада Ілияс Жансүгіровке жазып берген қолжазбасы сақталған.

Сол қолжазбада Күржұман: «Қараңғы тұн байлау өткен соң, әрқайсымыз ойбайлап едік, Естемес батыр: «Өй, иттер! Кімге ерке-леп ойбайлайсыңдар? Олар оныңды білмей жатыр ма? Бұл қан ишарат. Бізді өлтірмей жібермейді. Ойбайлап дұшпанның күңкілін өсіргенше, құдайға сеніп, үндемей жата беріңдер. Біз өлсек те Найманның тұқымы тұрған жоқ. Құнымызды сұрайтын кісілер қатырлар. Содан үндемей жаттық. Біреу келіп мені түртіп қалып: «Естемес қайсың? Бір адам босатып жібер деп еді?» - деген соң, «Естемес мен едім» дедім. Қол-аяғымды босатып, «ал қаш, біреу-міреу көрмесін» деді. Үйден шыға келсем таң қылаңдап атып келеді екен», - деп баяндайды.

Кейінгі ұрпақтың Үштөбе станциясынан Байшегірге қарай 37 шақырым «Ақиық» деген жердегі үлкен оба төмпешік, бітімгершілікке берген Естемес, Тастанбек, Бектас, Бартай батырлар бас болған, барлығы тоғыз адам, ішінде Сейіл мырза, Қасымәлі, Шоқай мейіттері жатқан зират. Ол жер «Найман сүйек» деп аталады. Алғашында ол жер, жоғарыда есімдері аталған Найман-Матай батырларын алдап қолға түсіріп, күн шығыған сәскеде өлтіріп, бастарын кесіп, қанын ішкен жер болғандықтан «Найман қаны» деп аталыпты.

Ал, 94 жастағы Олжабай шал, оның әйелі мен саны белгісіз бауыздалған жас балалардың мәйіті жатқан үлкен төбешік оба зираты «Бала қырган» деп аталады. «Рүстем қырғыны» поэмасында І.Жансүгіров:

«Көп бала, Олжабайдың өлген жері,
Сондықтан «Бала қырган» деп аталды.
Қол өтіп, Қараталдан жөнелгенде,
Далада жайған еттей бала қалды», - деп жазады.

Бұл оқиғадан кейін ел арасындағы дау өрістеп, іс насырға шауып, билік елді басқарған Орынбор мен Аяғез орыс генерал-губернаторлар құзырына тиеді. Екі жақты солардың шешімімен Матай елінің шекарасы Қаратал өзеніне жылжиды. Қоқаннан босып 1839 жылы Матай елі шабылып, шаншылып, Қаратал өзені бойын, Балықты, Тегерезді мекендейді. Қапыда мерт болған Төртсары Естемес батырдың кегін Садыр Манақбай батыр алады. Ол туралы ақын Сарамен айтысында Төрөбай ақын: «Рүстем төреден Естеместің кегін алған, айтады Садыр-Найман Манақбайды», - деп деректейді.

Екі ел арасындағы дау мұнымен тоқтамайды. Досетұлы Төнеке (Нұралы) батыр опасыздық іске қатысты кінәлілерді түгелдей жазаламай тынбайды. Шу мен Сырға дейін қашқан кінәлілерді өзі бастап қуып жазалайды.

1840 жылы Рүстем шекаралас Орта жүзге бірнеше рет барымта жасап, көп мал айдап өкетеді. Іс насырға шауып, есептесер шақ келгенде Рүстем айыбын төлемек болып, Орта жүздің бетке ұстар адамдарын келісімге шақырып алып, оларды қырғынға ұшыратады. Тек солардың ішіндегі Төнеке батыр ғана құтылып шығады.

Осыдан бастап Төнеке батыр Ұлы жүз қазақтарын, әсіресе Рүстем сұлтанға қараған елді аямай ойрандайды. Бұл туралы, сол кездегі орыс шенеунігі А.К.Гейнстің жазбаларында: «1840 жылы Үлкен орда сұлтандарының бірі Рүстем Әбілпейсов шекаралас орта жүзге бірнеше рет барымта жасап, көп малды айдап кеткен. Іс насырға шауып, есептесер шақ келгенде Рүстем айыбын төлемек болып Орта жүздің алты биін келісімге шақырады. Солардың ішінен Төнеке ғана құтылып шығады. Қалғаны қырғынға ұшырайды. Осыдан бастап Төнеке үлкен орданы, әсіресе Рүстем сұлтанға қараған елді ойрандай бастайды», - деп жазады.

Рүстем сұлтанның жаман қылықтары жайлы халық іші өлеңде:

«Бір күні Найман жақты шақырады,
Қастығын қалтарысқа жасырады.
Тай сойып, қонағына қой орнына,
Құлықпен сый-сияпатын асырады.
Қонағы жиырма неше адам екен,
Ұйқыда түгел қырып басын алды.
Адамын атқа мінер қырып тастап,
Матайды әскеріне шаптырады», - деп айтылады.

Солтабайұлы Барақ сұлтан Матайлардың кегін қайтару мақсатында Қаракерей мен Садырдан қол жинап келеді. Оларға Матайлар қосылып, қанішер Рүстемді шаққан Барақ сұлтан халықта «батыр» атанады. Рүстем сытылып, ұстатпай қашып, Қоқанға жылыстап кетеді. Сол үшін Барақ Іле бойына шабуыл жасап тұруды өдетке айналдырады. Барақ Рүстем төреге қарған Жалайырдың малдарын, қатын, бала-шағаларын, қолға түскен еркектерді түгел бодан қылады. Оларды Жоңға өкелгенінде артынан Жалайыр-Андас Ханбабаұлы Бейбіт би қуып жетіп, Бараққа:



Оған орыстар 1846 жылға дейін тәзіп, ақыры шыдамайды. Орыстарға бұл жылы Кенесары хан Іле өзені бойын қоныстанып жүргені де себеп болады. Мұрағат құжаттарында 1844 жылы Аягөз сыртқы округінің статистикалық сипаттамасында: «Кенже-Қаптағай-Матай ер адамдар - 1455, әйел адамдар - 1304, жылқылар - 7375, ірі қара - 1870, қой мен ешкі - 28559. Аталық-Матай ер адамдар -1240, әйел адамдар - 1229, жылқылар - 2985, ірі қара - 2171, қой мен ешкі - 22242. Кенже-Қаптағай-Матайдың жазғы қоныстары: Сарқан, Ақсу, Бүйен, Келденең өзендері, қысқы қоныстары: Жөңке (Қапал), Алатау таулары, Қоңырлы, Басқан, Ақсу, Жанасу өзендері, Марқа жотасы және шығыс жағынан Балқаш көліне жақын жерлер. Аталық-Матайдың жазғы қоныстары: Сарқан, Ақсу, Келденең, Бүйен өзендері бойы. Қысқы қоныстары: Жөңке, Ақыстау таулары, Қоңырлы, Басқан, Ақсу, Жанасу өзендері, Марқа жоталары және шығыс жағынан Балқаш көліне жақын жерлер», - деп көрсетілген.

1846 жылы Аягөз округінің Жанбөбек Сайынов сұлтанынан есауыл Крайкинге «Матайлар талай малды барымталап, маза бермейді» деген шағым түседі. Малдарын қайтарғызып беруді талап етеді. Есауыл Нюхалов бұл шағым негізінде генерал-губернатор, князь Горчаковтан Матайларға қарсы аттанып, тым салуға рұқсат сұрап алады. Өзі 150 орыс-казактарымен Лепсіге аттанып, сонда Ертістен келген Вишневский басқарған отрядқа қосылады.

1846 жылы Ертістен шығып, Аягөз арқылы саны 500-ден астам зеңбірек қарулы генерал-майор Вишневский басқарып келген отрядқа, ішінде жүзбасы М.Абакумов бар, оларға көмекке 600 сарбаздарымен Ұлы жүзді билеген Әлі Әділөв пен Сүйік (Сөк) Абылайханов сұлтандар және қырғыз манабы Қарақ пен Лепсі өзені жағасындағы отырған сұлтан Бөлен Шанқаев қосылғандықтан, Матайлардың қарсыласуға күштері жетпей, амалсыз бағынып, орыстарға алым салығын төлеуге келіседі. Қапал-Арасан өлкесінің тарихын жазып жүрген Алексей Елисеев: «Бұл өлкеге 1846 жылы 14 тамызда Сібір казак әскері келіп жетті. Пулеметтеріне қосымша алты пушкілері болған еді», - деп жазады. 1846 жылдан бастап Ресей құқығы Жетісу аймағында қожалық алады. Иванкеевич пен заседатель Ольховскийдің 1846 жылғы «Аягөз округіндегі болыстар» туралы мәліметінде: «Кенже-Қаптағай-Матай болысында бес ауыл, 797 тұтін, адам саны 2409 жан, басқаратын сұлтандары Әбділда мен Сығай Еженовтер», - деп көрсетілген.

1846 жылы Шұбарғаш-Ойжайлауда Кенесары ханды құрту туралы орыстар Ұлы жүз қазақтарын жинап жиын өткізеді. Ұш Матай елін басқарған Тәнеке батыр Вишневскийдің зеңбірек атқызыған сұсына қарсы жауап ретінде жасақтарымен жиынға келгендерге шабуыл жасамас болып үркітіп өтеді. Күнделігінде Янушкевич: «Ер Қаптағайлап» ұран салып өткен Тәнеке батыр жасақтарының айғайы мен аттарының дүмпуінен тау сілкінгендей әсер болды», - деп болған оқиғаны жазады. Сонда: «1851 жыл. 15 март. Аягөз округі приказының жеткізуі. Исполняющие обязанности пограничного начальниа Сибирские киргизов Клейсту», - делінеді. Матай елі осы оқиғадан кейін орысқа қарасты қазақ елдеріне барымтаны, ырық бермей, жиілетіп үдетеді.

Тәнеке батыр Құдайменді сұлтанды «барып кел, шауып келге» ұстайды. Тәнеке батыр, Құдайменді сұлтан, Шоқан Уәлиханов үшеуі отырып арақ ішкенінде Тәнеке мас болып қалып, басына таудың мұздай суын шелектеп құйса да, есін жинап тұрмайды. Тәнеке туралы Шоқан Уәлиханов: «Осы өңірде (Қопалы) ешкімге дес бермейтін барымташы, батыр Тәнеке бар. Өзі болыс. Денесін жабайы адамдікіндей сары жүн басқан, өзі шексіз мығым. Мұрыны айтарлықтай үлкен. Қапал өңірін жайлайды», - деп жазады.

Жоңғар соғысынан кейін Матайлар жайлаған Шыңғыс тауының Орда, Кекен, Ащысу, Доғалаңды «бұрынғы енші алған жеріміз» деп 1780 жылы Қаратау, Мұғаджар, Борша, Арқадан оралған Тобықтылар алса, Тоқта-Барлықты Бексұлтанның ұлы Сүлеймен төге «12 мың жылқыма жайылымға» деп Байжігіт пен Аталық-Қысай елін көшіріп, тартып алады. Байжігіт пен Қысай елі мөлшермен 1845 жылы Қытайға асады. Қысқаш тауы мен Балқаштын Құлжан жазығына Қаратау, Арқадан көшіп келген Садыр елінің үш атасы қоныстанады. Алтын-Емелдегі Матай тауына үлкен талас, дау туып, жеті кісі өлімі болады. Матай жағынан үш, Жалайырдан төрт адам шейіт кетеді. Ақыры Матай тауы дауы билікке түседі. Барлыбай батыр дерегінде 1600 жылдары онда Матайлар тұрған. Матайлардан Қысай елі сұрап, қалап алады. Олар Иіктал (Көктал), Өсекті өрлеп Қос, Күнес, Тезекке өтеді. Қытай жеріндегі Аралтөбе деген ауданын қоныстайды. Ел іші айтылған өлеңде: «Қоныстанған бұрындар Матай ата, мақтаған бөлек жерден осы өрді», - делінеді. Матай тауы бұрындар Шалтық немесе «Шолақ» деп аталыпты. Картада «Көкқорым» деп көрсетілген. Матай тауынан төменірек, Байғазы өзені жағалауында, Байғазы батыр мазары барын Шоқан Уәлиханов 1855 жылы «Молалар

мен көне ескерткіштер» зерттеу еңбегінде жазады.

Естелігінде Кенен Әзірбаев: «Жалайыр мен Найман қырқысып, татуластыруға Тезек төреге Арғыннан Құсбек төре, Құнанбай келеді. Өлтере өзі бармай қалып, ақыл айтып, Дулат Кебекбай мен Ысты Бөлтірік шешенді жіберген», - дейді. Тезек төренің татуластыруға араша сүретіні атақты Найман-Матайдың биі Байқоңырдың қызын алғандығы екен. Матай елі «Матай тауы» үшін билікке салған Абайдың әкесі Құнанбай биі Үйсін Бөлтірік шешеннен сөзден емес, қуақы айталы істен жеңіліп, Матай елінің шекарасы Матай тауынан Быжы өзеніне шегінеді. Матай елін бұл дауға Тәнеке батыр, би бастап барады. Қоянкөздің арғы жағына келіп орнығып дауласады. Яғни, Матайлар Қысай елі жағынан келеді. Қоянкөздің бергі жағына Жалайырлар орнығады. Қуақы ақылды ойлап тапқан Дулат Кебекбай, өзі дауға келмей, «сөйтсеңдер дұрыс» деп төрелігін айтқан Өл-төре сұлтан. Олардың ойларын іске асырған Бөлтірік шешен болады. Құнанбайдан сөзден ұтыла бастаған Бөлтірік шешен: «Матай тауы Орта жүз иелігі болса? Мынау жатқан тас үйінді, қай атаңның мүрдесі? Көні, атын атап, жөнін жөндеп, жауап бер?», - дейді. Матай елі тұрғысынан бөлен атамдікі деп, ешкім тиянақты жауап бере алмағандықтан, Құнанбай амалсыз тосылып, билік істен жеңіледі. Сөйтсе, ол зират Алақай есімді Жалайыр елінің емші кемпірінің мүрдесі екен. Осы бітімнен соң «төрелердің бәрі Өлтередей болсашы» деп риза болысыпты. Өлтере 70 жасында 1856 жылы құрылған, орталығы Верный, Алатау округінің аға сұлтаны болған. Төрт Дулат, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Қасқарау, Сарыүйсін елі оған қараған. 1854 жылы 19 мамырда Семей облысының құрамында Қапал округі құрылып, Ұлы жүз приставына қарап, Батыс-Сібір генерал-губернаторына бағынады. Алатау округі 1867 жылы Жетісу (Семеречье) облысы болады. Жетісу облысы сол жылы, орталығы Ташкент, Түркістан генерал-губернаторына бағынады. Ысты Бөлтірік шешен «Жеті жарғы» деп аталыпты. Яғни, жеті тосқауылдан сүрінбей өте білген. «Шіркін-ай, қазақта сендей сөз тапқыш туа берер ме екен», - депті Тезек төре. Матайлар Құнанбайды салып, Бөлтірік жеңген соң, босаған жерге Құлжабайдың Тезек төреден жер сұрауымен Ақбұйым Жалайырлар орнығады. Матай тауының жазығына Тезек төренің рұқсатымен «Ұлы жүздің бір атасы едік» деп Қалңылар орын тебеді. Осы екі ел арасында сол жерге талас туғандығы тарихта айтылған.

Заң қызметкері болған Берлікенов Ешмұханбет: «Алтынемел тұсындағы Матай тауын ертеде Матайлар жайлаған. Матайлардан Матай тауын Қысай елі сұрап, қалап алады. Олар Иіктал (Көктал), Өсекті өрлеп, Қос, Күнес, Тезекке өткен. Одан Қытай жеріндегі Аралтөбе деген ауданында қоныстаған», - дейді.

Матай елі Шыңғыс тауына келіп қоныстанғаннан кейін, Жетісуға көшпей, сонда қоныс теуіп қалған Матайлар да бар. Оларды әр болысқа «кірме» деп атаған. 1844 жылғы Н.Коншиннің мәліметінде: «Қаракерей, Кенже-Лепес болысында - 15 үй, Тобықты Ұрғызбай болысында - 35 үй, Қаракерей, Қыдыр-Мұрын болысында - 107 үй Матайлар бар», - деп көрсетеді.

1831-1846 жылдар аралығында үш Матай елі орыс басқыншыларына қарсы мазасыз, жиі үрдісті күрес жүргізеді. Кенесары ханды қолдап, Сарқанда астыртын қару-жарақ жасап, қылыш, тапаншамен оның әскерін қамтиды. Кенесары хан мен Наурызбайдың өліміне қатысты қырғыздардан кек алады. Қырғыз Тілеуберді ауылын Тәнеке батыр екі мың қол әскер жинап барып шабады. Тілеубердіні Қапалға әкеп, түрмеге қаматады. 1000 жылқы барымта әкеледі.

Орыстар еппен 1846 жылы Лепсі, Ақсу, Қапал өңіріне кіре бастайды. 1846 жылы 27 тамызда Нюхалов басқарған отряд Лепсі өзенінен өтіп, 1 қыркүйек күні Қызылағашқа жетеді. Қызылағашты ұнатпай, Алатау бөктеріне Үш Қопалыға барады. Мұнда оған Қарақ сұлтан 200 кісімен қосылады. 8 қыркүйек күні Нюхалов Қараталға барады. Онда оған аға сұлтан Бөлен Шанқаев 400 кісімен қосылады. Үлкен орда сұлтандары Әлі Әділөв пен Сөк Абылайханов та келіп қосылып, Кенесары ханның он мың қолмен Қамауда орныққанын жеткізеді. Нюхалов отрядымен Балқаш көліне дейінгі аймақты бағдарлап барып, кері Қапалға оралады. Сонда қыстауға жоғары басшылықтан рұқсат беріледі.

Үш Матайдың басын Тәнеке батыр құрап, олармен «орысқа не қыламыз» деген істі ақылға салады. Бұл жиынға Аталықтың игі жазыларынан бастап Шоқпар Мұнайтпас батыр, Кенженің бетке ұстарларын бастап Байғазы Байтулақ батыр, Мұжық би келеді. Үш күн дуылдасып, ақыры Тәнеке батырдың «елді зеңбірекке босқа қырдырмай, орыстың айтқан жөніне көнейік» деген шешіміне бәрі қосылады. Осы кезеңде Үш Матай елі ішінде:

«Қаржауды - епке қой, Ақтілесті - етке қой. Тасыбайды - сепке қой. Төртсарыны - шепке қой», - деген нақыл сөз таралады.

1846 жылы үш Қопалыдағы «Солдат (Отряд) сайында» орыстар үш Матай елі болыстығын құрады. Алғашқы болып Матайдың Қаптағай мен Кенже еліне болыс болып Тәнеке батыр тағайындалады. Архив құжатында: «Тәнеке би с 1846 года Волостной управитель», - деп көрсетілген. Аягөз дуанына (округіне) аға сұлтандар Әбділда мен Сығай Еженовтердің құзырына қарайды. Поручик Иванкеевич пен заседатель Ольховскийдің 1846 жылғы мәліметінде: «Қаптағай мен Кенже елі 5 ауыл,

797 үй, халық саны 2409», - деп деректейді. Мұрағат құжатында Тәнеке батыр 1810 жылы туғандығы көрсетіледі. М.Тынышбаев дерегінде Тәнеке батыр 1807 жылы Қыдыралы би қайтыс болған жылы туса керек деп болжаммен айтылады. Болатбек Нәсеновтың Мәскеу архивтерінен тапқан құжатта Тәнекенің туған жылы 1806 жылға келеді. 1851 жылы Тәнеке батыр 50 сарбазымен полковник Карбынчев бастаған отрядқа, Үлкен Алматы өзенінің Қаскелеңге құяр сағасындағы, Алмалы (Тау шүбек) қамалын алуға қатысады. Бір жыл бұрын капитан Гутковский 175 адамнан құралған отрядпен бұл қамалды ала алмаған. Карбынчев бастаған отряд 30 шілдеде Қопалға оралады. Қайтар жолында Дулат елін төртіпке келтіріп, жазалап кетеді. Мәмбет Қойгелді «Жетісудағы Ресей билігі» кітабында «Тәнеке орыстардың отрядына иек артып, Ұлы жүз қазақтарына қарақшылық жасаған» деп жазғаны шындыққа жанаспайды. Тәнеке батыр ақ патшадан қызметі үшін 1852 жылы Анна ленталы «алтын» медальмен марапатталып, 1854 жылы «хорунжий» деген атақ алады. «Жетісудағы Ресей билігі» кітабында Мәмбет Қойгелді Тәнеке батырдың 1866-1868 жылдардағы болыстық сайлауға кандидат болып қатысқанын келтіреді. Тәнеке батырдың зираты Арасанға баратын жол үстінде «Түкінің керізі» деп аталатын жерде жатыр.

Аягөз округіне кіретін болыстарды Шоқан Уәлиханов: «1) Чого-Уақ, 2) Сарман-Уақ, 3) Тума, 4) Есенқұл-Садыр, 5) Байкөбек-Сыбан, 6) Жанкөбек-Сыбан 7) Жанқұлы, Семіз-Найман, 8) Қаракерей Семіз-Найман, 9) Болташы, 10) Тоғылбай (Түгелбай болса керек) Садыр, 11) Аталық Матай, 12) Кенже, Қаптағай - Матай», - деп тізіп көрсетеді.

1848 жылы Ұлы жүздің сұлтаны Сүйік Абылайханов Батыс Сібір генерал-губернаторына баяндама хат жазып, онда: «Ұлы жүз қазақтарына тиесілі Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу өзендері алқабындағы жайылымдар мен егіншілік учаскелерді Найман-Матай рулары басып алды», - деп хабарлағаны туралы бұрып айтылады.

Батыс Сібір генерал-губернаторының нұсқауымен Сібір орыс-казактарының шекара бастығы генерал-майор Вишневский мен кеңесші Коченов үлкен орданың приставы барон Врангельмен бірге аталған екі ел қазақтарының өзара талаптарын бір жыл бойы тексеріп анықтайды. Төреші комиссия «бұл жерлердің Найман-Матайларға тиесілі құқығын» Аягөз және Көкпекті приказдарында бар жазба құжаттармен дәлелдеп шешеді. Округтер құрылған кезде сондай шешімдер, приказдар шығарылыпты. Лепсі, Басқан, Қаратал, Көксу өзендері бойындағы жерлер Найман-Матайларға бекітілгені туралы құжаттар табылады. Бұдан былайғы дауларды болдырмау үшін, бұл жерлер патша жарлығымен Найман-Матайларға бекітіліп беріледі. Бұл істе үш Матай елінің болысы Тәнеке батырдың еңбегі ерекше болып, жерді заңмен тексертіп, қорғап қалады.

Аягөз округінің аға сұлтаны Бөлен Шанқаевтың 1846 жылғы мәліметінде: «Матай-Аталықтың аға сұлтаны Қайыр Досалин. Аталықтар 5 ауыл, 803 үй, саны 2829», - деп көрсетеді. Кенже елі 1846 жылдан 1867 жылға дейін Қаптағай Тәнеке болыс пен ұлы Есімбек болыстың қарамағына қарап қалады. 1867 жылдың жазғы бір күні Шонды би Тәнекенің отауына қонаға барып, ертеңгілікте Тәнеке батыр жеті бір көздері соқыр, көрі атан түйелерді отауының жанына алдыртып, Кенже елінің тектілерінің есімдерімен әр қайсысын ататып, малшыларына шөкерттеді. Шонды би оразысын ашпастан, атына ер сала мініп, елге жетіп, Кенже елінің бас көтерерлерін жинап, көрген қорлығын көптің ақылына салады. Шонды би: «Бәріне тездік, шыдады! Енді бұл басқан қорлыққа шыдау жоқ! Кім мұны жөндеп, бұзады?» - деген сауалына, Байтулақұлы Мүсәпір: «Бұзуын мен бұзайын! Жөндеуін көп болсын!» - деп жауаптайды. Көп ақылы көл, жеке болыстық құрмақ болып, Озға арыз түсіреді. Арыз-өтініш Шұбарғаш-Ойжайлаудағы съезде қаралады. Кенже елі 1868 жылы Шонды би мен Мүсәпір батырдың арқасында еншіге жер алып, жеке болыс атанып, Ер Байтулақ, одан елі Өтебай Қашаған «өттеген-айдың айғырын әкел, бөрекемді дегеннің байталын әкел» деген старшина сайланады. Осы Қашаған болыс Кенже еліне қарасты Қапалдағы Баянжүректі Тәнеке батырға, Қарағашты Маманға сатып жібереді.

Ақ патша кезінде Қапал дуанында (округінде) үш Матай елі он болыс ел болған. Әр болыста 1000 қордалы шаңарақ орналасып, әр шаңарақ әулетте 45 жан деп саналған. Сонда үш Матай елінің адам саны 45 мыңға жеткен болды. 1891 жылы облыстық басқару жүйесіне көшуге байланысты, сол жылғы санақ мәліметі бойынша, үш Матай 30 қауым ел болып, Қопалы уезінде 127774 қазақтар тұрған. Матай елі Қопалы уезі шегінде Сайынбөлек тауын, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш өзендері бойларын, Үшкөл, Қасқалдақ көлдері төңірегін жайлапты. Семейдегі Қалба тауының беткейінде, Қызылсу өзені бойында бір болыс Матай елі орнығыпты.

1854 жылы қазақ даласында Семей облысы құрылып, Қопалы округі соған қаралады. М.Сперанский: «Семей «жеті шатырдан» емес, қазақша «Шамқала (Самқала)» деген сөзден шыққан» - деп жол жазбасында жазады. Бірақ, жоңғар-қалмақтан қалған жеті шатырға ұқсас палата қалғаны анық. Сол бойынша орыстар «Семипалат» деп атайды.

ҒАЛИ ОРМАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 115 ЖЫЛ!

"АЛТЫ АЛАШТАН СӨЗ ОЗДЫРҒАН" АТТЫ ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақын, публицист, ағартушы Ғали Ормановтың туғанына 115 жыл толуына орай «Алты алаштан сөз оздырған» атты әдеби-сазды кеш өтті. Жетісу облысының әкімі Исабаев Бейбіт Өксікбайұлы құттықтады.

«Биыл ардақты ақын, аудармашы, ағартушы журналист Ғали Ормановтың туғанына 115 жыл толды. Осыған орай, елорданың төрінде ұйымдастырылып отырған көрнекті кештің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Жетісудағы Ешкіөлмес тауының баурайында дүниеге келіп, дүйім халықтың парасатты перзентіне айналған өнер иесінің рухани мұрасы - баршаға ортақ қазына. Ақынның лирикалық поэзиясы, отаншылдық рухтағы жырлары, көркем аудармадағы шеберлігі, жыршы, жырау Жамбыл Жабаевтың шығармашылығындағы рөлі, журналистік жолы - жалпы қазақ руханиятына қосқан үлесінің қай-қайсысы да жеке дара бөліп айтуға лайық ересен еңбек.

Биылғы мерейлі жыл аясында облыс әкімдігі Ғали Ормановтың Лев Толстойдан аударған «Анна Каренина» романының 2 томдығын басып шығаруға қолдау көрсетіп отыр. Бұл қазақ әдебиетіне, ақынның шығармашылық жолын насихаттауға қосқан азғантай үлес болмақ. Бүгінгі кеш осы ғибратты бастамалардың жалғасы деп білеміз.

Орманов танудағы тың талпыныстар кең арнаға, даңғыл жолға ұласа берсін! Ақынның мерейі-тоңы құтты болсын!», - деп атап өтті Бейбіт Исабаев.

Іс - шараның басты мақсаты - ақын, публицист, ағартушы Ғали Ормановтың шығармашылығымен кеңінен танысу және ғибратты ғұмырынан өнеге алу.

Әдеби кеште медицина ғылымдарының докторы, профессор Шайсұлтан Кенжебек және ұстаз, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Жаннат Тұрысбекқызы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші Арайлым Рахимқызы «Бекзатым - ай» халық әнін шырқады. Сонымен қатар, Қазақстан



радиосының «Алтын дауыс» иегері Манай Ғылымқал, әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» ұлттық ғылыми - практикалық орталығының ғылыми қызметкері Карибжанова Гүлназ Төкенқызы, ақпарат саласының үздігі, Қазақ радиосының ардагер-дикторы Молдахметова Күләш Кәйленқызы, Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназия оқушылары, сондай-ақ ақынның жиен немересі Қырықбаев Айдар және шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Ғали Орманов 1907 жылы 15 тамызда Алматы облысы Қапал ауданы Қызыл жұлдыз ауылында дүниеге келген. Ақын 1929 - 60 жылдар аралығында Іле ауданы оқу бөлімінің меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Жамбыл ақынның әдеби хатшысы, «Майдан» альманағының редакторы, «Әдебиет және искусство» журналының жауапты редакторы, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, секция меңгерушісі қызметтерін атқарған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Шеңбер» деген атпен 1934 жылы жарық көрді. 1934 жылы «Шәуілдір», 1935 жылы «Алынған қамал» дастандары, 1935 жылы «Көтерме» атты прозалық жинағы, 1936 жылы

«Абысын сыры» жыр кітабы жарыққа шықты. 1941 жылы «Халық - қаһарман», 1944 жылы «Емен» атты жыр кітаптарында соғыстың ауырталығын, жауынгерлердің Отанға деген сүйіспеншілігі жолындағы ерліктерін, тылдағы тынымсыз еңбекті суреттеді. Ақын поэзиясы айшықты тілінің ажарымен, оның асыл қазыналарын қолданудағы шеберлігімен ерекшеленеді. 1948 жылы «Өмір дастаны», 1949 жылы «Бәбек жүрегі», 1957 жылы «Сәт сапарда», 1961 жылы «Ой қанаты», 1965 жылы «От өзен», 1972 жылы «Жер қазығы», 1975 жылы «Жыр қанаты», 1976 жылы «Жылдар жыры», т.б. өлең жинақтарында әлеуметтік оқиғаны суреттеуде ақындық шеберлік танытты.

Ол қырғыз эпосы «Манастың» 1-кітабын, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, Ян Райнистің, Ф.Мақтымқұлының, А.Тоқомбаевтың бірқатар дастандарын, Л.Н.Толстойдың «Анна Каренина» романын, Н.В.Гогольдің «Нева проспектісі» повесін, А.П.Чеховтың әңгімелерін, М.С.Буненцовтың «Ақ қайың» романын, М.Тұрсын-Заденің «Үндістан балладалары» өлең кітабын қазақ тіліне аударды. Ғали Ормановтың көптеген туындылары шетел тілдеріне тәржімаланған. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Ленин ордендерімен, бірнеше төсбелгілермен марапатталған.

Азамат ҚАЛАМҒЕР.

Құттықтаймыз!

Сағабүйен ауылының тұрғыны, ардақты ұстаз, асыл жар, аяулы ана, бақытты әже **ДУЛЫҚАНОВА КЕНЖЕГҮЛ АХАНҚЫЗЫНЫҢ** еңбегі еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Аяулы да ардақты әріптесіміз өз өмірінің саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісіне арнап, осы жолда аянбай тер төгіп, ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар, еліміздің болашағы үшін көп еңбек сіңіріп, ұстаздық жолда 38 жыл талмай еңбек етіп, ұжымның құрметіне бөленді.

Бүгінгі атаулы күнде аяулы әріптесімізге зор денсаулық, сәтті істер, қажымас жігер тілей отырып, балалары мен немерелерінің ортасында отағасымен бірге баянды да бақытты, мәнді де мағыналы өмір сүруіне тілектеспіз! Ізгіліктің нұрын шашып маңайға, Адамсыз сіз үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген,



Ұмытпайды шәкірттерің қалайда. Зейнеткерлік жасқа кеп шаттанасыз, Өлі талай шыңдардан бақ табасыз. Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз, Көш керуеніңіз ешқашан тоқтамасын!

ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН, ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Т.ТОҚТАРОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП ҰЖЫМЫ.

Хабарландыру!

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылдық округінің 2022 жылғы 27 тамыздағы қауымдастық кеңесінің №2 хаттамасының Қаулысы:

1. Ақсу ауданы Жансүгіров ауылдық округінің шығыс жағында орналасқан жаңа көшеге Мусанов Дубектің атын беру туралы ұсыныс мақұлданды.

Хабарландыру!

05.10.2022 жылы сағат 15:00 – де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Марат Алыбаев көшесі, 7 (әкімдік ғимараты) мекен-жайы бойынша "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі жобасы бойынша «Үлкен Шымбұлақ бұлағындағы лицензиялық алқап шегіндегі пайдалы қазбалар - шашыранды алтын кен орындарын барлау және бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдалым өтеді.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдалым zoom платформасында онлайн өтеді. Тыңдалымға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз: https://us04web.zoom.us/j/76773738016?pwd=jnZJGTG2h0U_WjEzG1UWSP_Qc2C0H1.1 Конференция ID: 767 7373 8016, кіру коды: qq09zy Жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz> біріңғай экологиялық порталда орналастырылған. Тапсырыс беруші: "SARYTAS MINING" ЖШС (БСН:200140018344), Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ., Есіл ауданы, е251 көшесі, 4/1 үй, 243 пәтер, 8-702-913-35-85, onalbaev_b@mail.ru Жобаны әзірлеуші: "ИВК и Компания" ЖШС (Қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет көрсетуге 14.07.2007 ж. №01043р мемлекеттік лицензия). Жобалау ұйымының мекен-жайы: Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 148, кеңсе. 401; 8 (727) 261-20-53, ivkik@list.ru Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдалым өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде еcorportal.kz порталында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы: ivkik@list.ru қабылданады

Объявление!

05.10.2022 года, в 15:00 по адресу: Жетысуская область, Аксуский район, с. Капал, ул. Марата Алыбаева, 7 (здание акимата) пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «План разведки и оценки месторождений полезных ископаемых – рассыпное золото долины ручья Улкен Шимбулак в пределах лицензионной площади».

В случае продления карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе zoom. Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/76773738016?pwd=jnZJGTG2h0U_WjEzG1UWSP_Qc2C0H1.1 Конференция ID: 767 7373 8016, код доступа: 7k5MMU Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecorportal.kz> Заказчик: ТОО "SARYTAS MINING" (БИН:200140018344), Республика Казахстан, г. Нур-Султан, Есильский район, улица Е251, дом 4/1, квартира 243, 8-702-913-35-85, onalbaev_b@mail.ru Разработчик проекта: ТОО «ИВК и Компания» (Государственная лицензия № 01043Р от 14.07.2007 г. на оказание услуг в области охраны окружающей среды). Адрес проектной организации: г. Алматы, ул. Желтоқсан, 148, оф. 401; 8 (727) 261-20-53, ivkik@list.ru Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП ecorportal.kz, а так же по электронной почте: ivkik@list.ru

ЕСКЕ АЛУ

Арасан ауылының тумасы, асқар тау әке, жанашыр аға, Ақылшы ата, сүйікті жар бола білген **АҚАШЕВ НҮРМҰХАНБЕТ МОЛДАХМЕТҰЛЫН** сағынышпен еске аламыз.

НҮКЕТАЙҒА АРНАЙМЫН Өрнектеген өмірін волейболшы Нүкетай, Көп балаға шеберлік үйреткен аты Өкетай. Қайратты еді денесі, жолбарыстай көрінген, Соққан добын ала – алмай қарсыласы жеңілген. Алматыдан кеп қалды ойнауға өзір команда, Арасаннан кө жастар жиналған еді жиынға. Нүкетай алды кезекті, соғатұғын көп допты, Алақаннан ұшқан доп жалап өтті қолдарын, ортадан асып далаға, Нүкетай соққан әлгі доп кезек берді тағы да,



20 очко әкелді команданың бағына. Тұғырына жетіп жеңістің, көтерілген биікке,

Жиналған жұрт жаңғыртты Нүкетайлап аспанға. Туш ұрғанда Нүкетай жарылатын қара доп, Камерасы салбырап ұшатұғын аспанға. Судядай ысқырып, балалар қалады бірін – бірі тықысырып, Тамсанатын, таңқалатын, қымсынып. Әй Нүкетай – ай, Нүкетай өрнектеген өмірін, Жүруші еді арамызда, көруші едік көңілін. Ашық – жарқын мінезі айтпай – ақ кезге көрінген. Арамызда жоқ бүгін, сапар шеккен келмеске. Барған жері жұмақ, төсегі торқа болсын, Келешекте көп кешікпей орны толсын демекпін.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: бауырлары, жұбайы, немерелері.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г Редакция алқасы: Жауапты хатшы - Ербол СЫМХАНОВ, Бас есепші - Гүлжан МҰҚЫШЕВА

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар оңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2280

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90. Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.